



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева
L. N. Gumilyov Eurasian National University

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ,
тақырыбы: «ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКА»

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
на тему: «СОВРЕМЕННАЯ ЭКОНОМИКА В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛИЗАЦИИ»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
on the topic: « MODERN ECONOMY IN THE CONDITIONS OF
GLOBALIZATION »

Нұр-Сұлтан, 2019

УДК 330
ББК 65.01
С56

Рецензенты:

Кайкен Ж.Б. к.э.н., профессор кафедры "Бизнес и управление" Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета
Тажбенова Г.Д. к.т.н., доцент экономики, заведующая кафедрой экономических и математических дисциплин Евразийского гуманитарного института

Современная экономика в условиях глобализации: сборник Международной научно-практической конференции / Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева – Нур-Султан , 2019.

В сборник включены доклады участников Пленарного и секционного заседания международной конференции. Тематика конференции посвящена проблемам современной экономики.

Материалы сборника предназначены для ученых, практических работников, преподавателей вузов, докторантов, магистрантов

Редакционная коллегия:

А.Б.Майдырова д.э.н., профессор; Шалболова У. Ж. д.э.н., профессор;
Рыспекова М. О., к.э.н., доцент; Шаяхметова Л. М. м.э.н., докторант.

ISBN 978-601-7308-07-0

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|---|----|
| Natália Barinková BILATERAL TRADE RELATIONS BETWEEN SLOVAKIA AND KAZAKHSTAN IN IN THE CURRENT WORLD ECONOMY..... | 12 |
| Каштыкова Елена ВЛИЯНИЕГЕОПОЛИТИЧЕСИХ ИЗМЕНЕНИЙ НА СТРАТЕГИЮ ВНЕШНИХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ СЛОВЦКОЙ РЕСПУБЛИКИ..... | 16 |
| Marek Minárik ENVIRONMENTAL ASPECTS AND MODAL SPLIT IN THE TRANSPORT OF DANGEROUS GOODS IN THE EU | 20 |
| JOZEF ORGONÁŠ THE MACROECONOMIC ASPECTS OF FRANCHISING..... | 26 |
| Andrea Chlebcová CURRENT IMPACT OF GEOECONOMIC CHANGES ON THE WESTERN BALKAN REGION | 29 |
| Луптакова Анабела БЕЛАРУСЬ - МЕЖДУ ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИЕЙ | 34 |
| Агатаева А.А., Санаева Д. FINANCIAL POLICY OF KAZAKHSTAN AND ITALY..... | 38 |
| Асанов Ұ.Ш. ТУРИЗМОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ | 43 |
| Агатаева А.А., Аманғали Д.Қ. СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ФИНАНСОВЫХ ПОЛИТИК АВИАПЕРЕВОЗЧИКОВ | 48 |
| Агатаева А.А., Жайык С. ANALISYS OF INSURANCE COMPANIES | 53 |
| Агатаева А.А., Есенова А.К. АНАЛИЗ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ КОМПАНИЙ | 57 |
| Жомартова Г.С. ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ПОВЫШАЮЩИЕ УРОЖАЙНОСТЬ ЗЕРНОВЫХ И КРУПЯНЫХ КУЛЬТУР | 62 |
| Рахимжанова Е.А. ФРАНЧАЙЗИНГ КАК НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РК | 66 |

| | |
|--|-----|
| Сербаева А.К., Шамишева Н.К. | |
| ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘНІ | 69 |
| Несіпбай О.М. | |
| ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ | 75 |
| Шаймерденова Т.С., Сарсембаева Д.Б. | |
| МИГРАЦИЯ ТРУДОВОГО КАПИТАЛА | 80 |
| Мисник О.В. Есенова Г.Ж. | |
| СИСТЕМА ФИНАНСИРОВАНИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН | 82 |
| Шамишева Н.К., Есжан А.Н. | |
| ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕМДЕГІ САЯСИ ЭЛИТАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ | 87 |
| Мухамедғалиева Н.Н., Мадиярова Э.С. | |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ | 90 |
| Аққозы Б.Т. | |
| КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ | 94 |
| Досматқызы А. | |
| МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ | 98 |
| Жолжан Ә.М. | |
| ӨҢІРДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДАМУЫ..... | 104 |
| Молдашова М. | |
| ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ | 110 |
| Нурекеш Ж.Қ. | |
| БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР | 116 |
| Хасенова К.Қ., Бөрібекова М.Ж. | |
| АДАМИ КАПИТАЛ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ РӨЛІ | 121 |
| Шарафутдинова А.А., Аманжолов А.А. | |
| ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ КАДРЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ИМИДЖІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 126 |

| | |
|---|-----|
| Антонова Н.М., Дюсемалиева Н.М. К ВОПРОСУ ОБ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... | 131 |
| Amerkhanova A.B., Murat A.A. COMPARATIVE ANALYSIS OF THEORIES OF MOTIVATION IN WESTERN MANAGEMENT | 135 |
| Алибекова А.Б. FOREIGN MODELS OF INTER-BUDGET RELATIONS | 139 |
| Мұратова А.Ә., Мадиярова Э.С. ИНТЕРНЕТТЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫ | 145 |
| Догалаков А.К., Уалиахметов А.Р. МАРЖИНАЛИЗМ И ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ АВСТРИЙСКОЙ ШКОЛЫ МАРЖИНАЛИЗМА И ЕЕ СВЯЗЬ С СОВРЕМЕННОСТЬЮ..... | 148 |
| Примбетова С.Ч., Мухамбетова Д. Е. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДА ЖАСТАР КӘСПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ | 153 |
| Шаимов А., Абдимомынова А.Ш. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 158 |
| Сәбитов Б.Ж. Бержанова А.М. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ | 163 |
| Жолдасбек Б., Абдимомынова А.Ш. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІЛЕРІ..... | 168 |
| Абдуллахан Ю.Т. «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ АХУАЛЫ | 172 |
| Елберген Е.Ж., Казыбаев Б.О. ПРОБЛЕМАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ..... | 176 |
| Zharaskhan Temirkhanov DEVELOPMENT OF PERFORMANCE AUDIT IN PUBLIC SECTOR | 181 |
| Конурбаева Ж.Т.; Ниязбекова А.Е. SOCIAL MEDIA MARKETING ТИІМДІ МАРКЕТИНГ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ . | 186 |
| Рахимбердинова М.У., Ниязбекова А.Е. ЖОО БРЕНД-СТРАТЕГИЯСЫН ҚҰРУДА КӨП ДЕҢГЕЙЛІ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУ..... | 190 |

| | |
|---|-----|
| Жұмабаева А.Т. | |
| ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ | 194 |
| Қуатұлы Қ., Рахимбердинова М.У. | |
| SMM-ді ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ӨҢІРДІҢ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ | 200 |
| Гиззатова А.И., Чудрова В.У., Садыкова Г.А., Ахметова Д.А. | |
| НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... | 205 |
| Гиззатова А.И., Чудрова В.У., Садыкова Г.А., Талгатова З.Ж. | |
| РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... | 209 |
| Молдабекова Г. Б. | |
| ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК | 212 |
| Панзабекова А.Ж., Сабыр Н.С. | |
| РАЗВИТИЕ КОНЦЕПЦИИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ | 216 |
| Утарбаева Г.К., Тусупова А.Р. | |
| КӘСПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ | 223 |
| Буртебаева А.А. | |
| ОЦЕНКА ПО СПРАВЕДЛИВОЙ СТОИМОСТИ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ ПРОЗРАЧНОСТИ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ | 227 |
| Бейсенова Л.З., Жахметова А.К. | |
| ОСОБЕННОСТИ БЮДЖЕТНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... | 232 |
| Алтайбекова Ә.Ж. | |
| БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ РӨЛІ | 238 |
| Серікбаева Д.Т. | |
| ЕСЕПТІК АҚПАРАТ ӘДІСІМЕН АВС ӘДІСІН ҰСЫНУ МҮМКІНДІКТЕРІ | 243 |
| Жүніс А.Н. | |
| ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 248 |
| Иманбекова Р.М. | |
| БАСҚАРУ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ | 255 |
| Омурзакова А.К. | |
| АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОТЕНЦИАЛА ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В СФЕРЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... | 261 |

| | |
|---|-----|
| Нұралина Қ.Т. | |
| ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ..... | 268 |
| Жанбозова А.Б. | |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 273 |
| Букенбаева Л.С. Кодашева Г.С | |
| ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ | 278 |
| Алтыбаева Ш.М., Шамакова Н.Г. | |
| КЕДЕЙЛІК - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ИНДИКАТОРЫ РЕТІНДЕ | 283 |
| Мерғалиева Л.И., Бердикулова С.Д. | |
| ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПРИДОРОЖНОГО СЕРВИСА..... | 289 |
| Тлесова А.Б., Гарифуллина А.Б. | |
| ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК- ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУЫ | 292 |
| Мерғалиева Л.И., Шарафутдинова А.А. Газезова А.Е. | |
| ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САУДА ҚЫЗМЕТІН ҮНТАЛАНДЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ | 300 |
| Примбетова С.Ч. | |
| БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ | 304 |
| Есенбайқызы І. | |
| ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ЖАЛҒА ТҮРҒЫН ҮЙ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 307 |
| Татибеков Б.Н., Байдаирова К.Б. | |
| ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ..... | 311 |
| Шамишева Н.К., Сафаров А.Ж. | |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ | 315 |
| Жұмаділла Н., Слямпов Е. | |
| ТУРИЗМ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН МҰНАЙҒА ТӘУЕЛДІЛІКТЕН АЛЫП ШЫҒАР ЖОЛДАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ | 320 |
| Буланова Н.К., Батырғалиева О.В. | |
| ВНУТРИФИРМЕННАЯ ПОЛИТИКА ОПЛАТЫ ТРУДА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ | 326 |

| | |
|---|-----|
| Төлепов Ә.Е. | |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ..... | 332 |
| Нуржанова А. Н. | |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ | 336 |
| Оспанов М.М. | |
| ПОДХОДЫ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ СУЩНОСТИ «ДИВЕРСИФИКАЦИЯ» В СТРУКТУРНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ ГОСУДАРСТВА..... | 340 |
| Мырзахмет М.К. | |
| ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ СТРУКТУРНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ ПРОМЫШЛЕННОСТИ СТРАНЫ..... | 345 |
| Мокоев А.Н. | |
| ВНЕШНЯЯ И ВЗАИМНАЯ ТОРГОВЛЯ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ С СТРАНАМИ ЕАЭС | 352 |
| Искакова М.С. | |
| ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ | 355 |
| Утегенов Е.К. | |
| ПРОБЛЕМЫ РЫНКА ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... | 360 |
| Аманжол К.А., Пашкевич Р.А. | |
| ЗНАЧЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКИХ УЧЕНИЙ МАРКСА НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ..... | 364 |
| Аскеев А.Г. | |
| О ВОПРОСАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПОТЕНЦИАЛА ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА С УЧЕТОМ ГЛОБАЛЬНЫХ ТРЕНДОВ | 373 |
| Тыныбаева Д.Н., Мустафин С. | |
| ОРГАНИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА СУБЪЕКТА КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА | 377 |
| Аскербек М.Б. | |
| ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ РК И ПУТИ ЕЕ УЛУЧШЕНИЯ | 383 |
| Байтемирова М.А. | |
| ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ | 386 |
| Мұқашева А.Е. | |
| ПРОБЛЕМЫ ОТРАСЛЕВЫХ ПРОГРАММ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ... | 390 |

| | |
|---|-----|
| Земенов Е.Н. | |
| ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ КАК ИНСТРУМЕНТ ВАЖНОЙ ПРЕДПОСЫЛКОЙ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ | 397 |
| Картаев Н., Жанабаева Ж.К. | |
| ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ КАЗАХСТАНА | 401 |
| Бейсембаев Адиль | |
| АНАЛИЗ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ | 405 |
| Кузаиров О. | |
| СУБСИДИРОВАНИЕ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ | 409 |
| Шамбыл Қ.Ә. Карипова А.Т. | |
| ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛ ДАМУЫНЫҢ ТЕНДЕНЦИЯСЫ | 411 |
| Абжанова А.Ж. | |
| МОДЕЛЬ ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛА ПРЕДПРИЯТИЯ | 416 |
| Уалиева М.А. | |
| ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ И РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ В РК..... | 419 |
| Цай Ж., Акылбек А., Саттарова А. Есенова Г.Ж | |
| АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В ГОРОДАХ: АЛМАТЫ И НУР-СУЛТАН. | 421 |
| Сунь Цинбинь , Рыспекова М.О. | |
| СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ И ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО КИТАЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ | 426 |
| Ауезов Б. | |
| ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ МЕН БОЛАШАҒЫ | 433 |
| Малыбаева А. | |
| НАЛОГОВЫЕ ПРЕФЕРЕНЦИИ В ИНВЕСТИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ..... | 438 |
| Садыкова Г.Т. | |
| КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ ЭКОНОМИЧЕСКОГО КОРИДОРА..... | 441 |
| Майдырова А.Б. , Васильева О.А | |
| АУТСОРСИНГ НА РЫНКЕ КАДРОВЫХ УСЛУГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... | 446 |

| | |
|---|-----|
| Мукушев А.Б., Салимова Д. | |
| ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН САНДЫҚ ӘДІСТЕР КӨМЕГІМЕН ЗЕРТТЕУ | 456 |
| Кудабаева Н.Б. | |
| ОБЗОР, АНАЛИЗ И АУДИТОРСКИЕ ПРОЦЕДУРЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРАКТИКИ ФОРМИРОВАНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СУВЕРЕННЫХ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ФОНДОВ | 463 |
| Жусанов.А.А. | |
| СУЩНОСТЬ СОВРЕМЕННОГО НЕОЛИБЕРАЛИЗМА | 467 |
| Кәрімова М. | |
| ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН АРТТЫРУ | 470 |
| Жампозова А.Е. | |
| ОБЕСПЕЧЕНИЕ КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ В ЦИФРОВИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ | 475 |
| Мынбай А.М. | |
| КЛАСТЕРНЫЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ | 481 |
| Амантаева А.Н. | |
| БИЗНЕС И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕГО РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ | 486 |
| Тахтаева Р.Ш. | |
| ОСНОВНЫЕ ВИДЫ, ПОНЯТИЯ, НАПРАВЛЕНИЯ В ТУРИЗМЕ..... | 489 |
| Корабаев Б.С., Мухаметжанова Д.Ж., Имашева А.М. | |
| ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕТА ОБЕСЦЕНЕНИЯ АКТИВОВ В СООТВЕТСТВИИ С МСФО НА ПРЕДПРИЯТИЯХ РК | 494 |
| Zharaskhan Temirkhanov | |
| DEVELOPMENT OF PERFORMANCE AUDIT IN PUBLIC SECTOR..... | 499 |
| Тыныбаева Д. Н., Нурмухаметов Н. Н. | |
| МЕТОДИКА ВЫЯВЛЕНИЯ РИСКОВ, ИХ ОЦЕНКА, И ВОЗМОЖНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ИМИ, ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУБЪЕКТОВ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА..... | 504 |
| Сәбитов Б.Ж., Бержанова А.М. | |
| АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ..... | 510 |

Акжанов Ж. К.

ФОРМИРОВАНИЕ И ВИДЫ СТРАТЕГИЙ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....515

Насырова А.М., Исаева Б.К.

АНАЛИЗ МЯСНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..519

Бюрабекова Л.В.

КАДРОВАЯ ОБЕСПЕЧЕННОСТЬ КАК ОСНОВА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....524

Кәрімова М.

ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН АРТТЫРУ.....528

Шаяхметова Л. М.

РОЛЬ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....533

Ибраева А.Б.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ КАК ВАЖНОГО ФАКТОРА РАЗВИТИЯ СТРАНЫ.....538

Благодаря вступлению Казахстана в ВТО, мы шагнули вперед и открыли новые возможности за счет упрощения процедур соответствия продукции международным стандартам, получили доступ к современным технологиям, усилили приток инвестиций и повысили товарооборот со странами-членами ВТО (он составляет 90%) Одним из ключевых моментов соглашений Правил ВТО является государственная поддержка товаропроизводителей. При этом необходимо отметить, что поддержка товаропроизводителей касается малых форм бизнеса, что создает дополнительное преимущество в распределении средств в сфере развития малых форм предпринимательства, где усилится и ответственность в отношении прав интеллектуальной собственности казахстанских производителей и прав потребителей, что весьма актуально для франчайзинга.

Главная задача на сегодняшний день- устранение вышеперечисленных проблем. Ликвидировав проблемы в имеющемся законодательстве и скорректировав законопроекты и правовые нормы, вполне реально вывести бизнес-модель франчайзинга на абсолютно новый уровень. Стимулировав отечественных производителей создавать качественный бизнес и расширять его, мы сможем добиться здоровой рыночной конкуренции, укрепления рыночных отношений, увеличения доли малого бизнеса в ВВП нашей страны; обеспечить правильную «самозанятость» населения и выйти с отечественными франшизами на мировой уровень

Список использованной литературы

1. Казахстанская ассоциация франчайзинга [Электрон. ресурс]. - <https://kazfranch.kz/>
2. О вступлении Казахстана в ВТО [Электрон. ресурс].- <http://www.investkz.com/journals/34/290.html>
3. О франчайзинге в Казахстане, на сайте Фонда развития предпринимательства «ДАМУ» [Электрон. ресурс].- <https://business.gov.kz/ru/franchising/articles/detail.php?ID=112212>
4. Стенворд Дж., Смит Б. Франчайзинг в малом бизнесе. – М.: Аудит; ЮНИТИ, 2009. – 385 с.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘНІ

*Сербаева Адина Каирбулатовна, магистрант
Шамишева Нургуль Каршыгаевна, доцент м.а.
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассматривается процесс совершенствования принятия управленческих решений на основе инновационного менеджмента как основы перспективного управления деятельностью предприятия. В результате автором была раскрыта сущность инновационного менеджмента в управлении и систематизирована поэтапность принятия управленческих решений.

***Аңдатпа.** Бұл мақалада инновациялық менеджмент негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдауды жетілдіру процесі кәсіпорын қызметін перспективалы басқарудың негізі ретінде қарастырылады. Нәтижесінде автор басқарудағы инновациялық менеджменттің мәнін ашып, басқару шешімдерін қабылдау кезеңділігін жүйелендірді.*

***Abstract.** This article discusses the process of improving managerial decision-making on the basis of innovative management as the basis for the prospective management of the enterprise. As a result, the author revealed the essence of innovative management in management and systematized the phased adoption of managerial decisions.*

***Ключевые слова:** Инновации; Инновационный менеджмент; Управление; Управленческое решение; Конкурентоспособность.*

***Кілт сөздер:** Инновация; Инновациялық менеджмент; Басқару; Басқарушылық шешім; Бәсекеге қабілеттілік.*

***Key words:** Innovation; Innovation management; Management; Management decision; Competitiveness.*

Қазіргі заманғы басқару жүйесін дамытудың негізгі бағыты инновацияларға және оларды енгізу тәсілдеріне қатысты түбегейлі өзгерістердің қажеттілігі болып табылады. Жалпы басқару тиімділігін арттыруға тікелей әсер ететін персоналды басқару, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдаудың жаңа тәсілін қалыптастыру кәсіпорындардың бірінші кезектегі міндетіне айналуы тиіс. Өйткені, бизнесте жүзеге асырылатын қызметтің тиімділігі көп жағдайда шешімдердің қалай әзірленуіне және іске асырылуына байланысты. Осы тұрғыдан, шешім қабылдау процесін зерттеудің өзектілігі айқын көрініс табады.

Зерттеу пәні инновациялық менеджменттің даму заңдылықтары және олардың басқару шешімдерін қабылдау процесіне әсері болып табылады. Зерттеудің міндеттері инновациялық менеджмент негізінде басқару шешімдерін қабылдаудың теориялық аспектілерін зерделеу, және соның негізінде өз ұстанымымызды қалыптастыру, инновациялық менеджмент негізінде басқару шешімдерін қабылдау технологиясының мәнін оқырманға жеткілікті деңгейде жеткізу болып табылады.

Ұйымның әлеуетін арттыру арқылы оның тиімді дамуына ықпал ететін басқару әдістері мен технологиялары ерекше маңызға ие. Бәсекелестік бүгінгі күні қызметтер мен технологиялардың дәстүрлі салаларынан бизнес-модельдер мен басқару жүйелері арасындағы бәсекелестік саласына көбірек ауысуда. Бизнесте және басқаруда стандартты емес шығармашылық идеялар мен шешімдерді қолдану бәсекелестік күрес қарқындылығының күрт артуымен байланысты. Осылайша, компаниялар нарыққа жаңа өнімдер шығарады, яғни тауарлардың өмірлік циклінің қысқаруы орын алады, осыдан бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін жаңалықтардың тез пайда болуын ынталандыру қажеттілігі туады. Осы тұста «инновация», «инновациялық менеджмент», «басқару шешімдерін қабылдау» түсініктеріне толталғанымыз дұрыс болар. Әлемдік экономикалық әдебиетте "инновация" ұғымы жоғары тиімділікке ие

жаңашылдық ретінде түсіндіріледі. «Инновация» ұғымын түсіну үшін 1-кестеде келтірілген бірнеше авторлардың анықтамаларын қарастыруға болады:

Кесте 1 Авторлардың инновация терминіне берген анықтамалары

| Авторлар | Анықтама мазмұны |
|---|---|
| Я. Кук, П. Майерс | Идеядан нарықта іске асырылатын дайын өнімге дейінгі толық процесс. |
| Б. Твисс | Өнертабыс немесе идея экономикалық мазмұнға ие болатын процесс. |
| Д. Месси, П. Квинтас, Д. Уилд | Зерттеу, жобалау, әзірлеу және жаңа өнім, технология немесе жүйе өндірісін ұйымдастыру сияқты қызмет түрлерін қамтитын процесс. |
| А. В. Сурин, О. П. Молчанова | Жаңа немесе жетілдірілген өнім немесе технология түрінде іске асырылған, іс жүзінде қолданылатын және белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті шығармашылық қызметтің соңғы нәтижесі. |
| <i>Ескертпе – [4] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған</i> | |

Бұл анықтамалар түрліше болғанымен, олардың барлығы «инновация» терминінің мәнін ашып көрсетуге лайықты деп есептейміз.

"Инновация" термині мен түсінігін жаңа экономикалық санат ретінде ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында австриялық ғалым Йозеф Шумпетер (1883 – 1950 жж.) ғылыми айналымға енгізді. «Экономикалық даму теориясы» атты еңбегінде (1911) Й. А. Шумпетер алдымен «жаңа комбинациялар» мәселелерін қарастырды және инновацияның толық сипаттамасын берді. Кейінірек "жаңа комбинация" термині "инновация" терминіне ауыстырылды. Й.А. Шумпетер келесілерге негізделген комбинациялардың түрлерін ерекшелеп берді: 1) жаңа материалдар мен компоненттерді қолдануға; 2) жаңа процестерді енгізуге; 3) жаңа нарықтарды ашуға; 4) жаңа ұйымдық нысандарды (басқарушылық инновациялар деп аталатын) енгізуге. Осы анықтамаға сәйкес, инновациялар – бұл екі дүниенің, атап айтқанда техника мен бизнес әлемінің бір мезгілдегі көрінісі[3].

«Инновациялық менеджменттің» мәніне келсек, инновациялық менеджмент инновациялық үрдістерді басқарудың принциптері мен әдістерінің, құралдарының жиынтығы болып табылады[1]. Шын мәнінде, инновациялық менеджмент кәсіпорынның және оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне әкелетін өзгерістерді басқару, инновация негізінде дамуды басқару болып табылады. Басқару үрдісінің нәтижесі көбінесе кәсіпорында қолайлы инновациялық климатты қалыптастыруға немесе нақты инновациялық жобаларды іске асыруға бағытталған нақты басқару шешімдерінде көрініс табады. «Басқару шешімі» ұғымын қарастыратын болсақ, басқару шешімі кәсіпорындағы менеджменттің тиімді тұжырымдамасын әзірлеу мен іске асырудың басты құралдарының бірі болып табылады [2]. Басқару шешімі —

бұл талдау, болжау, оңтайландыру, экономикалық негіздеу және менеджменттің нақты мақсатына жету үшін көптеген нұсқалардан балама таңдау нәтижесі. Олай болса, «инновациялық менеджмент» пен «басқару шешімі» ұғымдарына қатысты келтірілген анықтамалар мен сипаттамалардан «инновациялық менеджмент негізінде басқару шешімдерін қабылдау» ұғымына мынадай түсініктеме бергіміз келеді: «Инновациялық менеджмент негізінде басқару шешімдерін қабылдау – ұйым басшысымен инновациялық үрдістерді басқарудың принциптері мен әдістерінің, құралдарының негізінде жүзеге асырылатын балама шешім нұсқаларының арасынан тиімді, негізделген шешімді таңдау». Неғұрлым тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін басқарудағы инновация түрлерін жіктеу маңызды деп есептейміз (2-кесте).

Кесте 2 Ұйымдастырушылық басқару жүйесіндегі инновация түрлерін жіктеу

| Инновация көзі | Басқарудағы инновация түрлері |
|---|---|
| 1. Менеджмент саласындағы идеялар | 1.1. Ұйымдастырушылық басқару жүйесінде жаңа идеяларды, инновациялық жобаларды әзірлеу. 1.2. Ұйымдастырушылық басқару жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметі (benchmarking, өндірістік зерттеу) |
| 2. Технологиялар және басқару әдістері | 2.1. Басқарудың жаңа немесе қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін, менеджмент саласындағы IT, басқару процесін бағдарламалық қамтамасыз ету және т. б. әзірлеу. 2.2. Ұйымдастырушылық басқару жүйесіне инновацияларды енгізудің қолданыстағы технологиялары мен әдістерін таңдау. |
| 3. Басқару процесі | 3.1. Ұйымдастырушылық басқару жүйесінде технологиялары үнемі жетілдіру мен жекелеген инновацияларды жүзеге асыру. 3.2. Инновациялардың тиімділігін өлшейтін жаңа жетілдірулер көзі ретінде ұйымдастырушылық басқару жүйесінің жұмыс тәжірибесін зерделеу. |
| 4. Ұйымдастырушылық басқару жүйесіне қойылатын талаптар | 4.1. Мүдделі тұлғаларды анықтау, олардың негізгі қажеттіліктерін анықтау және басшылық әрекеттерінің талаптарға сәйкестігін бағалау. 4.2. Ұйымдастырушылық басқару жүйесіндегі инновациялардың нәтижелерімен, экономикалық тиімділіктермен және басқа да артықшылықтармен мүдделі тараптардың қанағаттану дәрежесін өлшеу. Ұйымдастырушылық басқару жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды нақтылау. |
| <i>Ескертпе – [6] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған</i> | |

Басқару жүйесіндегі инновацияларды жіктеу инновациялық басқару қызметінің түрлерін бөліп қана қоймай, сонымен қатар инновациялық қызметтің ықтимал түрлерін анықтау, неғұрлым тиімді басқару шешімдерін қабылдау, басқарудағы олқылықтарды жою құралы ретінде әрекет ете отырып, инновацияларды жобалауға мүмкіндік береді [6].

Басқарудың ұйымдық жүйесінің инновациялық қызметке қабілеттілігін қамтамасыз ету ең алдымен шешімдерді қабылдау алгоритмдерімен және басқарудың ұйымдық жүйесінің бизнес-моделімен айқындалады. Әлбетте, әртүрлі қасиеттері бар шешімдер үшін оларды қабылдаудың әртүрлі алгоритмдері болуы тиіс. Төменде келтірілген алгоритм ұйымның

инновациялық сезгіштік қабілетін арттыруға және инновацияларды іс жүзінде қолдануға бағытталған, инновациялық шешімдерді тиімді әзірлеудің логикалық бірізділігін көрсетеді.

Басқару жүйесінің инновациялық шешімдерді қабылдау рәсімдерінің реттілігі келесі кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең – бұл инновациялық сезімталдық және жүйенің жұмыс істеуін бақылау, оның ішкі және сыртқы орта элементтері арасындағы өзара байланыс – бұл инновациялық жүйенің ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін қабылдау үшін ақпарат жинауды көздейтін кезең. Инновациялық ұйымның жалпы жүйелік қабылдағыштығы шешімдер қабылдау және жаңа қажеттіліктер мен өткізу нарықтарын анықтау үшін ақпараттық өрісте инновацияларды, жүйенің жұмыс істеуінің өзгерістері мен проблемаларын анықтауға бағытталуы тиіс.

Екінші кезең алынған ақпаратты өлшеумен, инновациялардың бизнес нәтижелеріне әсерін, жүйенің, нарықтың проблемаларын анықтаумен байланысты. Бұл зерттеу қызметінің нәтижелері, бенчмаркинг, өнеркәсіптік барлау, жаңа технологиялар немесе қолданыстағы технологиялардың, әдістердің, нарықтардың, тауарлардың, қызметтердің жаңа қосымшалары, патенттік қорлардан және т.б. деректер болуы мүмкін. Құрылымдалған ақпарат келесі кезең үшін қажет – проблемалар, инновация көздері туралы ақпаратты концептуалды толық талдау, жүйенің мүмкіндіктері туралы жаңа білімді құру. Жағдайды егжей-тегжейлі талдау қайшылықтар мен мүмкіндіктердің тұтас спектрін анықтауға мүмкіндік береді. Олардың ішінде ең бастысы, істің қанағаттанғысыз жағдайы ойластырылған проблемалық жағдайды құрайды.

Келесі үшінші кезең, алға қойылған міндеттерді салыстыру, пайдаланылатын әдістерді зерттеу және бұрын байқалған салдарларға ұқсас болжау тұрақты негізде шешімді әзірлеумен тікелей байланысты. Шешімнің өлшеу принципі инновациялық қызметтің тиімділік критерийлерін әзірлеу кезеңінде іске асырылады. Өлшемдер оларға ұқсас мақсаттарға барынша сәйкес келуі тиіс. Мүмкін болатын тұжырымдамалық баламаларды тандау – бұл инновацияларды табу тәсілі. Мінез-құлық нұсқаларының тұжырымдамалық баламалылығы және басқарушылық әсердің индикативтік сипаты қабылданатын шешімдердің бірегейлігін, тиімділігін және өзектілігін қамтамасыз етеді.

Элементтің жаңа күйін, жүйедегі ықтимал өзгерістерді модельдеу шешімді әзірлеу кезеңі ғана емес, сонымен қатар инновациялық жүйені ұйымдастырушылық басқарудың қажетті функциясы болып табылады. Модельдің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін үш негізгі талаптарды бөліп көрсетуге болады: инерциондық, яғни құрылатын модельдің қоршаған ортамен келісуінің жеткілікті дәрежесі, модельдің қарапайымдылығы мен барабарлығы. Нарықты тестілеу нақты инновациялық өнімді немесе қызметті тұтынушыға таныстырады. Оның мақсаты – инновация туралы тұтынушыдан кері байланыс алу. Қабылданған шешімді бағалау және тексеру кезеңінде қабылданған шешімнің тиімділігі модельдің жоғарыда көрсетілген жұмыс істеу өлшемдеріне сәйкес бағаланады. Шешімдерді қабылдау, оларды қалыптастыру және орындаушыларға жеткізу, сондай-ақ шешімдердің орындалуын бақылау – бұл

шешімдердің ақпараттылық, сабақтастық және мақсаттылық қағидаттарын тікелей іске асыру. Мақсатты түзету – бұл рефлексия негізінде жүйеге бұрын жинақталған тәжірибе негізінде жаңа қасиеттер мен сапаларды генерациялауға мүмкіндік беретін мақсатты жүйенің кері байланыс ілмегі. Осылайша, жоғарыда көрсетілген ұйымдастырушылық басқару жүйесінде инновациялық шешімдерді қабылдау алгоритмі оның негізінде ұйымдастырушылық басқару жүйесімен шешімдерді әзірлеудің жеке рәсімдерін құруға, сондай-ақ олардың инновацияларды әзірлеу және енгізу үшін кемшіліктері мен әлеуеті бар-жоғын бағалауға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі уақытта инновацияларды әзірлеу және коммерцияландыру тәсілдерінің күрделілігі, жаңа технологиялардың кәсіпорындар қызметінің шаруашылық нәтижесіне әсері, ал ең бастысы – мүдделі тараптардың саны нарықтардың дамуына, бәсекеге қабілеттіліктің күшеюіне, сондай-ақ барлық жаңа білімнің пайда болуына қарай ұлғаюын жалғастыруда. Ғылыми-зерттеу әзірлемелерін коммерциялық мақсатта табысты енгізу және пайдалану үшін алғашқы кезеңде зертхананы ұйымдастыру және оның басшылығына тәжірибелі ғалымды қою жеткілікті болды. Бүгінде инновациялық даму ғалымдар мен өнертапқыштардың білімдерімен шектелмеген. Заманауи тұтынушыларға жаңа білім ғана емес, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа пайда қажет. Сондықтан, кәсіпорындардың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізі қазіргі кезеңде құрылған нақты инновациялық ортаның мүмкіндіктерін практикада пайдалану қабілеті, инновациялық менеджментті дамыту, нақты мәселелерді шешудің дәстүрлі емес жолдарын, әдістері мен құралдарын іздеу болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, ұйымда инновациялық менеджмент негізінде басқару шешімдерін қабылдау технологиясы бәсекелестікке төтеп берудің негізгі кілті болып табылады. Ұйым басшысы басқару шешімдерін қабылдауда шешілуі тиіс мәселенің табиғатына байланысты түрлі алгоритмдермен жүзеге асыруы тиіс, сөйтіп ол ұйымның нарықта қысқа мерзімді емес, ұзақ мерзімді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды. Кері жағдайда, оның салдары оң әсер бермеуі ғажап емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абрамешин А.Е., Воронина Т.П., Молчанова О.П., Тихонова Е.А. Инновационный менеджмент: Учебник для вузов/М.: Вита-Пресс, 2001. – 272 с.
2. Башкатова Ю.И. Управленческие решения: Учебно-методический комплекс. – М.: Изд. центр ЕАОИ. 2008. – 120 с.
3. Степанова И.П. Инновационный менеджмент: курс лекций для студентов, обучающихся по направлению подготовки «Менеджмент»/ Саратовский социально-экономический институт ФГБОУ ВПО «РЭУ им. Г.В. Плеханова». – Саратов, 2014. – 124 с.
4. Трофимова Л.А., Трофимов В.В. Инновационные подходы к принятию управленческих решений: учебное пособие /СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2012. – 78

5. Kljushkin A., Shinkevich M., Gaidamashko I. 2018. Innovative method for assessing the system of service sector organizational management: from theory to practice. Revista Espacios, Vol. 39 (1)

6. Sevinj Omarli. 2017. Which Factors have an Impact on Managerial Decision-Making Process? An Integrated Framework. Essays in Economics and Business Studies. ResearchGate, 10.18427/iri-2017-0068

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Несінбай Олжас Мұратұлы, магистрант 1 курс
ЕНУ, Нұр-сұлтан, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье описывается, как была раскрыта налоговая учетная политика в организации, и мнения разных авторов об этом термине.

Аңдатпа. Бұл мақалада ұйымдағы салық есеп саясаты ашылып көрсетіліп және бұл термин жөнінде әртүрлі авторлардың пікірі жазылған

Abstract. This article describes how the tax accounting policy in the organization has been disclosed and the opinions of different authors about this term.

Ключевые слова. Рыночные отношения. Налоговая учетная политика. Налоговый кодекс. Налоговый учет. Налоговая база. Отчетный период.

Кілт сөздер. Нарықтық қатынастар. Салықтық есеп саясаты. Салық кодексі. Салықтық есеп. Салық базасы. Есептік кезең.

Keywords. Market relations. Tax accounting policy. Tax code. Tax accounting. The Tax base. Reporting period.

Кіріспе. Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшуіне орай, мемлекет, шағын орта өнеркәсіпті дамуы қажет екенін сезіне бастады. Сондықтан салықтық есеп саясатын дамыту маңызды рөл атқарды. Салықты қоғамда болып жатқан экономикалық үдерістерге ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік үдерістерге әсер ету құралы ретінде қолданып, ол негізгі реттеуіштердің біріне айналды. Соған орай салықтық есеп саясаты деген терминді ашып көрсету маңызды.

ҚР Салық кодексінің 190 б. сәйкес, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік үшін жауапты емес салық төлеушінің салықтық есепке алу саясатын қоспағанда, салықтық есепке алу саясаты есеп саясатындағы бөлек бөлімге енгізілуі мүмкін, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сай әзірленген [1].

Бухгалтерлік және салық есебі бойынша заманауи әдебиеттерде салықтық есеп саясатының «кәсіпорын тарапынан таңдалған салық есебін жүргізудің жиынтығы ретінде» берілген анықтамасы басым түседі.